

**«8D04110 – Экономика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін  
Егембердиев Руслан Аманкелдиевичтың «Мал шаруашылығын дамытудың экономикалық тиімділігін  
жоғарылату: теориясы, әдіснамасы және механизмдері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына  
РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ШҚІРІ**

Р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына жәнe/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына жәнe/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы); 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келуі.	Диссертация тақырыбы ғылымның басым бағыттарына және келесі мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді: – «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы: Астана, 2012 жылғы 14 желтоқсан; – Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021–2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 30 желтоқсанда бекіткен № 960 қаулысы); – Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамытудың 2023–2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурызда бекіткен № 270 қаулысы).
2.	Ғылымға маныздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маныздылығы ашылған/ашылмаған.	Егембердиев Руслан Аманкелдиевичтың диссертациялық жұмысы ғылымға елеулі үлесін қосады. Зерттеудің маныздылығы диссертацияның кіріспе бөлігінде толық ашылған. Диссертациялық жұмыста мал шаруашылығын дамытудың экономикалық тиімділігін жоғарылату мәселесі теориялық және әдістемелік тұрғыдан негізделгендігі оның маныздылығын аша түскен.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертациялық жұмысты өзі жазу деңгейі жоғары деп бағалауға болады. Жұмыстың мазмұнын талдау диссертацияның өз бетінше, жоғары кәсіби деңгейде жазылғанын көрсетеді. Диссертацияның ғылыми әлеуметтік-экономикалық және практикалық маңызы бар. Зерттеу нәтижелері мерзімдік басылымдар мен конференцияларда

4.	<p>Ішкі Бірлік принципі</p> <p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) негізделген;</li> <li>2) ішінара негізделген;</li> <li>3) негізделмеген.</li> </ol>	<p>жарияланған.</p> <p>Мал шаруашылығы ет, сүт, жүн және басқа да өнім түрлерінің негізгі көздерінің бірі бола отырып, агроөнеркәсіптік кешеннің азық-түлік қауіпсіздігі мен тұрақты дамуын қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады. Жаһандық климаттың өзгеруі, халықтың өсуі және аграрлық нарықтардағы бәсекелестіктің күшеюі жағдайында мал шаруашылығы саласының экономикалық тиімділігін арттыру ерекше маңызды. Осыған байланысты мал шаруашылығын дамытудың экономикалық тиімділігін арттыру үшін теориялық негіздер мен әдіснамалық құралдарды әзірлеуді қамтитын кешенді тәсіл қажет. Осы тақырыпты зерттеу аграрлық сектордың тұрақты дамуы мен бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге бағытталған Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенінің дамыту тұрғысынан да өзекті болып табылады. Саланың теңгерімді дамуын, өнім саласын жақсартуды, өзіндік құнын төмендетуді және шаруашылықтардың кірістілігін арттыруды қамтамасыз етуге қабілетті басқару тетіктерін әзірлеу ерекше маңызға ие. Сондықтан мал шаруашылығын дамытудың экономикалық тиімділігін арттырудың теориялық, әдіснамалық және практикалық аспектілерін зерттеу ғылым үшін де, практика үшін де уақытылы және маңызды болып табылады. Қойылған міндеттерді шешу орнықты даму мақсаттарына қол жеткізуге, ауыл халқының әл-ауқатын арттыруға және ұлттық азық-түлік қауіпсіздігін нығайтуға ықпал ететін болады.</p> <p>Р.А.Егембердиевтың диссертациялық жұмысының мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды. Мал шаруашылығын дамытудың экономикалық тиімділігін жоғарылату бойынша жүргізілген зерттеулер диссертацияның үш бөлімінде логикалық және дәйекті түрде ашылды.</p> <p>Зерттеуде қойылған мақсаттар мен міндеттер диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Зерттеудің мақсаты аймақта мал шаруашылығын дамытудың экономикалық тиімділігін арттыру механизмін қалыптастыру бойынша теориялық негіздемелерді, әдістемелік тәсілдерді және практикалық ұсыныстарды әзірлеу болып табылады. Міндеттер жұмыстың мақсатынан туындайды</p>
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) айқындайды;</li> <li>2) ішінара айқындайды;</li> <li>3) айқындамайды.</li> </ol> <p>4.3. Мақсатты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) сәйкес келеді;</li> <li>2) ішінара сәйкес келеді;</li> <li>3) сәйкес келмейді.</li> </ol>	

	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толық байланысқан;</li> <li>2) ішінара байланысқан;</li> <li>3) байланыс жоқ.</li> </ol> <p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) сыни талдау бар;</li> <li>2) талдау ішінара жүргізілген;</li> <li>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;</li> <li>4) талдау жоқ.</li> </ol>	<p>және докторлық диссертацияның мақсатына жетуді көздейді.</p> <p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық байланысқан, тақырыпты зерттеудің ішкі біртұтастығы байқалады және аяқталған жұмыс болып табылады. Зерттеудің нақты қойылған мақсаттары мен міндеттері диссертацияның әр бөлімінде теориялық және әдістемелік тұрғыда зерделеніп, қорғауға ұсынылатын негізгі ғылыми тұжырымдар түрінде көрініс тапқан.</p> <p>Диссертациялық жұмыста автор ұсынған жаңа шешімдер дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып, бағаланған. Зерттеу жұмысында сыни талдау бар, барлық тұжырым терең зерттелген, зерттеу нысанына байланысты ғылыми көзқарастар мен пайымдау жасалған. Автор зерттеу тақырыбы бойынша отандық және шетелдік зерттеушілердің көптеген еңбектерін зерттеу негізінде жаңа шешімдер ұсынды. Теориялық тұжырымдар мен модельдер дәлелденген және расталған.</p>
<p>5. Ғылыми жаңашылдық принципі</p>	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толығымен жаңа;</li> <li>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</li> <li>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</li> </ol> <p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толығымен жаңа;</li> <li>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</li> <li>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</li> </ol> <p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) толығымен жаңа;</li> <li>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</li> </ol>	<p>Диссертациялық зерттеудің қол жеткізген ғылыми нәтижелері мен тұжырымдамалары жаңа деп бағалауға болады. Диссертациялық жұмыс мал шаруашылығындағы экономикалық тиімділікті анықтаудың жаңа тәсілдерін ұсынады, қалыптасқан теорияларды қайта қарастырады және жаңа тұжырымдамалық толықтыруларды негіздейді. Ұсынылған принциптер өзекті деректерге сүйенеді және аграрлық саясат пен экономикадағы өзгерістерді, соның ішінде заманауи технологиялар мен тұрақты тәжірибелерді қолдануды ескереді.</p> <p>Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табылады. Егембердиев Руслан Аманкелдиевичтың диссертацияда тұжырымдалған ғылыми нәтижелерінің, тұжырым мен қорытындысының негізділігі мен анықтығы күмән туғызбайды және оның ғылыми-тәжірибелік құндылығы бар.</p> <p>Диссертациялық зерттеуде ұсынылған экономикалық және басқару шешімдерін жартылай жаңа деп бағалауға болады, себебі олардың ішінде дәстүрлі әдістемелерге негізделген шешімдер кездеседі.</p>

6.	Негізгі қорытындыларды негізділігі	3) жана емес (жанаасы 25%-дан кем). Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Докторант ұсынылған нәтижелер, тұжырымдар мен қорытындыларда негізділік пен сенімділіктің жеткілікті дәрежесін көрсетеді. Зерттеу жұмысындағы қорытындылар мен тұжырымдардың барлығы экономика ғылымындағы мал шаруашылығын дамытудың экономикалық тиімділігін жоғарылату теориялары мен қарастырылып отырған тақырыпқа қатысты ғылымдардың ғылыми еңбектерін зерделеу арқылы жасалған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жана ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең; 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия;	Тұжырым 1 7.1 Зерттеудегі қорғауға шығарылатын негізгі қағидағтар дәлелденген 7.2 Қорғауға шығарылатын негізгі қағидағтар тривиалды емес, өзіндік жаңалыққа ие. 7.3 Ия, қорғауға ұсынылатын шығарылған негізгі қағидағтар жана болып табылады. 7.4 Қолдану деңгейі кең. 7.5 Ия, зерттеу нәтижелері докторанттың ғылыми еңбектерінде жарық көрген. Тұжырым 3 7.1 Зерттеудегі қорғауға шығарылатын негізгі қағидағтар дәлелденген 7.2 Қорғауға шығарылатын негізгі қағидағтар тривиалды емес, өзіндік жаңалыққа ие. 7.3 Ия, қорғауға ұсынылатын шығарылған негізгі қағидағтар жана болып табылады.

	<p>2) жоқ; 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>7.4 Колдану деңгейі кең. 7.5 Ия, зерттеу нәтижелері докторанттың ғылыми еңбектерінде жарық көрген. <b>Тұжырым 4</b> 7.1 Зерттеудегі қорғауға шығарылатын негізгі кандидаттар дәлелденген 7.2 Қорғауға шығарылатын негізгі кандидаттар тривиалды емес, өзіндік жаңалыққа ие. 7.3 Ия, қорғауға ұсынылатын шығарылған негізгі кандидаттар жаңа болып табылады. 7.4 Колдану деңгейі кең. 7.5 Ия, зерттеу нәтижелері докторанттың ғылыми еңбектерінде жарық көрген. <b>Тұжырым 5</b> 7.1 Зерттеудегі қорғауға шығарылатын негізгі кандидаттар дәлелденген 7.2 Қорғауға шығарылатын негізгі кандидаттар тривиалды емес, өзіндік жаңалыққа ие. 7.3 Ия, қорғауға ұсынылатын шығарылған негізгі кандидаттар жаңа болып табылады. 7.4 Колдану деңгейі кең. 7.5 Ия, зерттеу нәтижелері докторанттың ғылыми еңбектерінде жарық көрген.</p>
<p>8. Дәйектілік қағидағы. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Едіснаманы тандау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) ия; 2) жоқ.</p> <p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p>	<p>Зерттеуде қолданылған әдістер дәйекті, дұрыс тандалған. Зерттеу мәселелерін шешуде келесі әдістер қолданылды: ғылыми әдебиеттерге шолу, теорияларды, тұжырымдамалар мен гипотезаларды талдау, байқау, модельдеу, талдау, синтез, абстракция, жалпылау, индукция, делуқция, жүйелік талдау, статистикалық көрсеткіштерді есептеу.</p> <p>Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған. Өзіріңген ғылыми тұжырымдарды растау және негіздеу үшін зерттеу деректерін экономикалық және статистикалық талдауды жүзеге асыратын</p>

	<p>1) ия; 2) жок.</p> <p>8.3 Теориялык корытындылар, модельдер, аныкталган өзара байланыстар және заңдылыктар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталган (педагогикалык ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалык эксперимент негизінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия; 2) жок.</p>	<p>Бағдарламалык өнімдер кеңінен колданылды.</p> <p>Диссертацияда жасалган теориялык корытындылар, зерттеудің тұжырымдамалык моделі эксперименттік зерттеулермен дәлелденді және расталды. Егембердиев Руслан Аманкелдиевичтың диссертациялык зерттеуіндегі ғылыми тұжырымдар сенімді. Алынган теориялык және практикалык ұсынымдардың негизділігі ғылым саласын басқару мәселелерін зерттейтін отандык және шетелдік ғалымдардың жұмыстарын терең талдаумен, экономикалык зерттеулердің қазіргі заманғы әдістерін колданумен расталады.</p>
	<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталган / ішінара расталган / расталмаган</p>	<p>Диссертациялык жұмыста тұжырымдалган нәтижелер мен корытындылардың шынайылык дәрежесін диссертацияның мазмұнынан көруге болады. Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталган. Ұсынылган жұмыста академиялык адалдық қағидаcы сақталган. Ізденуші диссертациялык жұмысында тұжырымдалган нәтижелер мен корытындыларды сенімді ғылыми әдебиеттерге сүйене отырып жазган.</p>
	<p>8.5 Пайдаланылган әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p> <p>9.1 Диссертацияның теориялык маңызы:</p> <p>1) бар; 2) жок</p>	<p>Пайдаланылган әдебиеттер тізімі 160 дереккөзді құрайды. Бұл ғылыми жұмыстың әдеби шолуына жеткілікті.</p> <p>Диссертацияда алынган нәтижелердің теориялык маңызы бар, оның ішінде мал шаруашылығын дамытудың экономикалык тиімділігін жоғарылату саласындағы ғылыми және колданбалы зерттеулерді одан әрі дамыту үшін ұсынылуы мүмкін.</p>
<p>9</p> <p>Практикалык құндылык қағидаcы</p>	<p>9.2 Диссертацияның практикалык маңызы бар және алынган нәтижелерді практикада колдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия; 2) жок.</p>	<p>Диссертацияның практикалык маңызы бар және алынган нәтижелерді практикада колдану мүмкіндігі жоғары, зерттеу нәтижелері мал шаруашылығын дамытудың экономикалык тиімділігін жоғарылату процесстерін одан әрі жетілдіру жағдайында мал шаруашылығы кәсіпорындар, инвесторлар, ғылыми-өндірістік кешендер мен мемлекет үшін ғылыми-практикалык маңызға ие.</p>

	<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?</p> <p>1) <b>толығымен жаңа;</b>  2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);  3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Мал шаруашылығын дамытудың экономикалық тиімділігін жоғарылатуға бағытталған практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Мал шаруашылығының тиімділігіне әсер ететін жағдайларды ескеретін мал өнімділігі көрсеткіштерінің критерийлері бойынша жүйесі әзірленіп, автор Қазақстандағы мал шаруашылығы тиімділігін арттыратын өндірісті қарқындату, малдардың отарын басқаруды жақсарту, тұқымды асыздандыру ісін және инфрақұрылымды дамыту, персоналдың біліктілігін арттыру, ғылыми зерттеулерді қамтитын резервтерді айқындау негізінде аймақтағы мал шаруашылығын дамытудың экономикалық тиімділігін арттыру стратегиясын ұсынған. Диссертациялық жұмыс бойынша зерттеу нәтижелерінің Шымкент қаласының ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасында енгізілгені жөніндегі енгізу актісі бар.</p>
<p>10. Жазу және ресімдеу сапасы</p>	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары;  2) орташа;  3) орташадан төмен;  4) төмен.</p>	<p>Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары деп бағалауға болады. Диссертацияның ғылыми-зерттеу аппараты нақты анықталған. Мазмұнында логикалық бірізділік сақталған.</p>
<p>11. Диссертацияға ескертулер</p>		<p>Ұсынылған іс-шараларды нақты шаруашылықтарға енгізу тетіктерінің сипаттамасын тереңірек көрсету, мысалы, әртүрлі көлемдегі фермаларға арналған ұсыныстарды қалай бейімдеуге болатынын ұсыну жұмыстың тәжірибелік мәнін көтерер еді.</p>
<p>12. Докторант макалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация)</p>		<p>Докторант макалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі жоғары, диссертациялық жұмыс төнірегінде 1 мақала Scopus деректер базасына енетін журналда, 4 мақала ҚР ҒЖБМ ҒЖБС СЖЕК ұсынған басшылықта жарық көрген.</p>

<p>Мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)</p>		<p>Егембердиев Руслан Аманкелдиевичтың «Мал шаруашылығын дамытудың экономикалық тиімділігін жоғарылату: теориясы, әдіснамасы және механизмдері» тақырыбында орындаған диссертациялық жұмысы өз бетінше дербес орындалған және аяқталған жұмыс ретінде «Дәрежелерді беру ережелерінің диссертациялық жұмысқа қойылатын талаптарына» сәйкес келеді, оның авторы «8D04110 – Экономика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.</p>
<p>13. Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)</p>		

Ресми рецензент,  
«Нархоз университеті» КЕАҚ, «Маркетинг» білім беру  
бағдарламасының қауымдастырылған профессоры, PhD



Нурахова Б.Ж.

«20» 11 2024 ж.